

Қарағанды облысында мемлекеттік меншікті басқаруды жетілдіру, қаржы тәртібін нығайту, экономикалық реформаларды жеделдету мен тереңдету жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 14 қазан N 1260

Қарағанды облысында экономиканы реформалау процесін жеделдету, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен "Сарыарқа" аймақтық бағдарламасын атқару үшін қажетті микроэкономикалық реттеу технологиясын дайындау, аймақтың өнеркәсіптік өзіндік ерекшелігін ескере отырып облыс экономикасына инвестицияларды тарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Қарағанды облысының әкімімен бірлесіп екі апта мерзімде жарамсыз мүліктері, борышкер кәсіпорындары бар объектілерді, құрылысы аяқталмаған және әлеуметтік сала объектілерінің тізбесін анықтасын және аталған объектілерді сату үшін Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетіне берсін.

2. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті: "Жекешелендіру объектілерінің құнын бағалау жөніндегі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 6 мамырдағы N 562 P960562_ қаулысына жарамсыз мүліктер бойынша құнды анықтауға қатысты толықтырулар енгізу туралы қаулының жобасын екі апта мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметіне тапсырсын;

жарамсыз мүліктерге саудаластық өткізген жағдайларда объектілерді сатудың, жекешелендірілетін объектілерге инвестицияларды тартудың оңайлатылған тәртібі көзделсін.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті министрліктермен, мемлекеттік комитеттермен, ведомстволармен және мемлекеттік меншіктің құқық субъектілері болып табылатын өзге де мемлекеттік уәкілетті органдармен бірлесіп Қарағанды облысы бойынша аймақтың экономикасына қажетті инвестицияларды тарту мақсатында кепіл ретінде пайдаланылуы мүмкін объектілердің тізбесін анықтасын және Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі Қарағанды аумақтық комитетіне кепіл беруші өкілеттігін берсін.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Қарағанды облысының әкімімен бірлесіп қайта ұйымдастыру процедураларын жүргізу мақсатында дәрменсіз борышкерлердің тізбесін анықтасын.

5. "Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар Жарлығына сәйкес борышкерлердің кредиторларға қоятын талаптарын қанағаттандыру

сыртқы басқаруды қалыптастыру кезеңінде тоқтатылады.

6. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті жанындағы Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру жөніндегі агенттік Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі Қарағанды аумақтық комитетіне "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 7 ақпандағы N 169 қаулысына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 13 қыркүйектегі N 1113 Р961113_ қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті жанындағы Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру жөніндегі агенттік жөніндегі Ереженің 5-тармағының отызыншы абзацында көзделген өкілеттіктерді берсін.

7. Қарағанды облысының әкімі:

тұтынушылардың құқығын қорғау мақсатында ішкі рынокты сапасыз

тауарлардан қорғау шаралары жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне екі ай мерзімде ұсыныс енгізісін;

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен бірлесіп екі апта мерзімде "Сарыарқа" аэропортының базасында арнаулы экономикалық аймақ құру туралы материалдар әзірлесін және оларды Қазақстан Республикасының Үкіметіне тапсырсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі